

КЕЛІСЕМІН
Жетісу облысы прокуратурасының
қылмыстық қудалау
басқармасының аға прокуроры
Исимбеков З.Н.
2022 жыл 6 қазан

ЖАҢА ҚАУЛЫ
күдіктінің іс-әрекеттерін саралау туралы

Талдықорған қ.

2022 жыл 6 қазан

МТЖТ жетекшісі - Жетісу облыс прокуратурасының арнайы прокурорлар басқармасының аға прокуроры Жанатұлы М., №221900032000013 сотқа дейінгі тергеп-тексерудің материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫМ:

Алматы облысы, Ақсу ауданыда, 03.07.1972 жылы дүниеге келген Алиаскаров Бауыржан Токтарбекович, бұрын сотты болған, қоғамдық қауіпсіздікпен тәртіпке және басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды төмендегі жағдайда жасаған.

Қазақстан Республикасының азаматтары А.А.Абеубеков, А.А.Абдильдинов, Б.Т.Абишов, Б.Е.Акатаев, А.С.Акашев, Ж.Т.Амирканов, Б.Аргынбек, Т.Б.Аубакенов, А.Б.Батырбаев, Т.К.Бейсенбеков, С.Бердібек, Н.Т.Болыс, А.Т.Даутбаев, С.А.Джексембаев, Д.Б.Дуйсеков, А.Т.Ераділ, А.Б.Ержұманов, Е.Р.Жақанбаев, И.Ж.Жетембаев, Д.Б.Иманкүл, А.М.Кайролданов, Е.Т.Калибасев, Д.Д.Каменов, Р.Коргасбаев, Е.С.Курамысов, К.Қонақбай, Т.Т.Макульбеков, А.А.Маманов, М.К.Назаров, А.М.Нупбаев, А.Б.Нурмухаметов, А.Нүсіпбай, Д.Б.Ожанаев, Т.А.Оралхан, К.С.Раев, Қ.Рақымбек, Б.С.Салекесев, С.М.Салханов, Б.А.Сарыбаев, Қ.Ж.Сарымов, Е.Е.Сейсенбеков, К.У.Сексенбаев, Р.М.Сиракбаев, А.К.Сурамбеков, С.С.Сыдыков, А.К.Токтарбеков, Н.Т.Төлепберген, А.Т.Турсынбаев, Ж.А.Тұралықов, Б.З.Уразымбетов, А.М.Шарипов, Д.Б.Мазыбаев, Д.Д.Сәтов, кәмелеттік жасқа толмаған Н.Адай, Е.Қалқаман (оның ішінде Ақсу ауданында туылған және тұрғындары) және тергеумен анықталмаған басқа тұлғалар қоғамдық қауіпсіздікпен тәртіпке және басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды төмендегі жағдайда жасаған.

2022 жылы 3 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарының тұрғындары сұйылтылған газдың нарықтағы бағасы қымбаттауына байланысты орталық алаңға шығып, өздерінің наразылықтарын білдіріп, заңсыз шеруге қатысып, салдарынан тиісті

мемлекеттік органдар тұрғындардың қойған талаптарын қанағаттандырып, сұйытылған газдың нарықтағы бағасы төмендетілген.

2022 жылы 4 қаңтарда наразылық акциялары Республиканың басқа аумақтарында (Алматы, Тараз, Шымкент, Ақтөбе, Қызылорда қалаларында) және Алматы облысы, Талдықорған қаласында орын алған.

Б.Алиаскаров 04.01.2022 жылы Алматы қаласында болып, Маңғыстау облысынның тұрғындары шеруге шығып, мемлекет басшыларына өз наразылықтарын білдіріп жатқанын, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының облыстарында бүкіл халықтар қолдап, оларда жиналып шеруге шығып жатқанын ғаламтор желісі арқылы естіп, ол ақпаратты сылтау ретінде пайдаланып, Алматы облысының тұрғындары бейбіт шеруге шығатындарын біле отыра, Алматы облысы Талдықорған қаласында жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру қылмыстық ойы туған.

Осы қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында, Алиаскаров 04.01.2022 жылы сағат 12:00 шамасында Алматы қаласынан жалдамалы автокөлікпен Алматы облысы Талдықорған қаласына шыққан.

Алиаскаров жол жөнекей, жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыруға оған көптеген адамдар қажет екендігін түсініп, өз қылмыстық іс ниетін жүзеге асыру үшін және Алматы облысы тұрғындарын өз таныстары арқылы үгіттеп жаппай тәртіпсіздікке жинау арқылы және ұйымдастыру мақсатында қолдануындағы абаненттік номері +77479858974 орнатылған, «Samsung» маркалы ұялы телефонына жүктелген «WhatsApp» желісінде «Класстастар» тобына «Талдықорғанның мен, мен деген жігіттері болса, ертен сағат 14:00-де Еркін автобазада жиналайық. Көтерілейік. Мирный митинг. Плакат жазындар. Наймандар, жалайырлар давай көтерілейік! Адайлар көтеріліп жатыр, үш күн тұр, соларды қолдайық! Қапал, Арасан, Қызылту, Ақсу, Сарқан, Жансүгір, Қаракөз, Сағабүйен, Қызылағаш жігіттері, ертен сағат 14:00-де автобаза Еркінде жиналамыз» деп ауызша (аудио) хабарлама жолдаған, яғни жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру қылмыстық ойын «Мирный митинг» деген сөздермен жасырған.

Бұнымен тоқтамай, Алиаскаров өзіне тиесілі ұялы телефонымен сыныптасы Б.Искаковқа қоңырау шалып, сөйлесу барысында оған 05.01.2022 жылы Алматы қаласында және Талдықорған қаласында шеру болатындығын айтып, ал өзі Талдықорған қаласында өтетін шеруге қатысу үшін келе жатқанын және оны үйінде болуын сұраған.

05.01.2022 жылы сағат 17:00 шамасында Алиаскаров Талдықорған қаласына келіп, бірден Б.Искаковтың үйіне барып, соңғымен кездескен. Кездесу барысында Алиаскаров қылмыстық ойын жалғастыра отырып, өз ұялы телефоны арқылы «Facebook» ғаламтор желісіндегі өзінің парақшасына жүктелген шамасы 10-15 минут құрайтын, Ел басы Н.Ә.Назарбаевты және ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевты тақтан кетіру үшін, яғни мемлекеттік билік пен басқарудың қызметтерін тоқтату мақсатында, шеруге адамдарды жинауға бағытталған бейнежазбаны көрсеткен.

Осымен қоса, Б.Искаковқа Қазақстан Республикасында азық-түліктердің қымбатшылығын айтып, оның сана-сезіміне Үкіметке қарсы шығу қажеттілігін

Құжатты дайындады және қол қойды: Жанатұлы М., 06.10.2022 жылы 16:54 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), email@xpp.kz
Құжатты келісілді: Исимбеков З.Н., 06.10.2022 жылы 16:59 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), email@xpp.kz

жеткізген. Содан кейін Б.Искаковты Үкіметке қарсы қойып, оған «Сен таныстарының бәріне айт, 100-200 адамдай жинау қажет. Ертең шеруге қатысамыз» деп айтып, тез арада барлық таныстарына хабарлауын сұрап, соңғыға шеруге жиналған адамдарға спирттік ішімдіктерді алып беру үшін ақша ұсынған және артынан төңкеріс болатынын айтқан.

Өз кезегінде Б.Искаков Б.Алиаскаровтан ақша алудан бас тартып, соңғының бейбіт шерулік үшін іс-әрекет жасап жатқан деп ойлап, оның қылмыстық ойын түсінбей, адамдар жинап көрейін деп айтқан.

Ары қарай Алиаскаров, өз қылмыстық ойын жалғастыра отырып, бастапқыда хабарлаған адамдардан басқа бөлек тағы да шеруге адамдар жинау үшін Б.Искаковтың үйінен шығып, Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылына бағытталған.

04.01.2022 жылы тергеумен анықталмаған уақытта Алиаскаров Қызылағаш ауылына келіп, сол ауылда тергеумен анықталмаған тұлғамен кездесіп, онымен өз қылмыстық ойын бөліскен. Осы уақытта, тергеумен жеке басы анықталмаған тұлға Алиаскаровтың Талдықорған қаласында жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру қылмыстық ойын түсініп, онымен алдын ала сөз байланысып, Ақсу ауданы, Қызылағаш және маңайындағы ауылдарда беделді, халыққа сөзі жүретін С.М.Салхановтың тұрғын үйін көрсеткен.

Осы уақытта, Алиаскаров Салхановтың Ақсу ауданы, Қызылағаш және маңайындағы ауылдардың жастарына сөзі жүретіндігін біле тұра, оған Ел басы Н.Ә.Назарбаевты және ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевты тақтан кетіру, яғни мемлекеттік билік пен басқарудың қызметтерін тоқтату мақсатында, Алматы облысы Талдықорған қаласына шеруге адамдарды жинап, жаппай тәртіпсіздік ұйымдастырып, қоғамдық қауіпсіздікті сақтайтын құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қарсы күш қолданып, мемлекеттік әкімшілік ғимараттарды қиратып, өртеп, бұзып, мемлекет мүліктерін жойып, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсете отырып жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру қажеттілігін жеткізген.

Салханов өз кезегінде Алиаскаровтың қылмыстық ойын қолдамай, үйінің есік алдынан көшеге қарай шығарып жіберген.

Б.Алиаскаров, Қазақстан Республикасының аумағында 05.01.2022 жылғы 12 сағат 30 минуттан бастап №727 енгізілген төтенше жағдай жарияланған жарлығына қарамастан, сағат 13:00 шамасында өз қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында, Талдықорған қаласы, Еркін ықшам ауданында орналасқан «Автобазаға» барып, сол жерде шеруге жиналып жатқан адамдардың сана-сезімін Үкіметке қарсы қайрап, сондай-ақ оларға мемлекеттік органдар жазықсыз адамдарды қамап тастағанын айтып, үгіт насихат жүргізген.

Осы күні сағат 14:00 шамасында «Автобазада» шамасы 300-400 адамдай жиналғанына көзі жетіп, өз қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында жиналған халықты өзінің бастамасымен Талдықорған қаласының орталық алаңына аттанған.

Сонымен қатар, 04.01.2022 жылдың 05.01.2022 жылына қараған түні Талдықорған қаласында заңсыз шеруге шыққан 70-тен астам адамдар полиция

жеткізген. Содан кейін Б.Искаковты Үкіметке қарсы қойып, оған «Сен таныстарыңның бәріне айт, 100-200 адамдай жинау қажет. Ертең шеруге қатысамыз» деп айтып, тез арада барлық таныстарына хабарлауын сұрап, соңғыға шеруге жиналған адамдарға спирттік ішімдіктерді алып беру үшін ақша ұсынған және артынан төңкеріс болатынын айтқан.

Өз кезегінде Б.Искаков Б.Алиаскаровтан ақша алудан бас тартып, соңғының бейбіт шерулік үшін іс-әрекет жасап жатқан деп ойлап, оның қылмыстық ойын түсінбей, адамдар жинап көрейін деп айтқан.

Ары қарай Алиаскаров, өз қылмыстық ойын жалғастыра отырып, бастапқыда хабарлаған адамдардан басқа бөлек тағы да шеруге адамдар жинау үшін Б.Искаковтың үйінен шығып, Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылына бағытталған.

04.01.2022 жылы тергеумен анықталмаған уақытта Алиаскаров Қызылағаш ауылына келіп, сол ауылда тергеумен анықталмаған тұлғамен кездесіп, онымен өз қылмыстық ойын бөліскен. Осы уақытта, тергеумен жеке басы анықталмаған тұлға Алиаскаровтың Талдықорған қаласында жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру қылмыстық ойын түсініп, онымен алдын ала сөз байланысып, Ақсу ауданы, Қызылағаш және маңайындағы ауылдарда беделді, халыққа сөзі жүретін С.М.Салхановтың тұрғын үйін көрсеткен.

Осы уақытта, Алиаскаров Салхановтың Ақсу ауданы, Қызылағаш және маңайындағы ауылдардың жастарына сөзі жүретіндігін біле тұра, оған Ел басы Н.Ә.Назарбаевты және ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевты тақтан кетіру, яғни мемлекеттік билік пен басқарудың қызметтерін тоқтату мақсатында, Алматы облысы Талдықорған қаласына шеруге адамдарды жинап, жаппай тәртіпсіздік ұйымдастырып, қоғамдық қауіпсіздікті сақтайтын құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қарсы күш қолданып, мемлекеттік әкімшілік ғимараттарды қиратып, өртеп, бұзып, мемлекет мүліктерін жойып, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсете отырып жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру қажеттілігін жеткізген.

Салханов өз кезегінде Алиаскаровтың қылмыстық ойын қолдамай, үйнің есік алдынан көшеге қарай шығарып жіберген.

Б.Алиаскаров, Қазақстан Республикасының аумағында 05.01.2022 жылғы 12 сағат 30 минуттан бастап №727 енгізілген төтенше жағдай жарияланған жарлығына қарамастан, сағат 13:00 шамасында өз қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында, Талдықорған қаласы, Еркін ықшам ауданында орналасқан «Автобазаға» барып, сол жерде шеруге жиналып жатқан адамдардың сана-сезімін Үкіметке қарсы қайрап, сондай-ақ оларға мемлекеттік органдар жазықсыз адамдарды қамап тастағанын айтып, үгіт насихат жүргізген.

Осы күні сағат 14:00 шамасында «Автобазада» шамасы 300-400 адамдай жиналғанына көзі жетіп, өз қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында жиналған халықты өзінің бастамасымен Талдықорған қаласының орталық алаңына аттанған.

Сонымен қатар, 04.01.2022 жылдың 05.01.2022 жылына қараған түні Талдықорған қаласында заңсыз шеруге шыққан 70-тен астам адамдар полиция

Құжатты дайындады және қол қойды: Жанатұлы М., 06.10.2022 жылы 16:54 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), eol@qazqpb.kz
Құжатты келісілді: Исимбеков З.Н., 06.10.2022 жылы 16:59 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), eol@qazqpb.kz

қызметкерлерімен болған мән-жайларды анықтау үшін Талдықорған қалалық полиция басқармасына жеткізілгені мәлім болған.

Осыны сылтауратқан Б.Т.Алиаскаров, яғни Талдықорған ҚПБ-на жеткізілген адамдарды босату керектігін айта отырып, басқа адамдарды интернет желілері және басқа байланыс құралдары арқылы Талдықорған қаласына жинауды ұйымдастырып, оның артынан жаппай тәртіпсіздікке қатыстырып, билік өкілдерінің заңды талаптарына белсенді түрде бағынбауды және жаппай тәртіпсіздікке арандатуды, сол сияқты азаматтарға зорлық-зомбылық жасауды жүзеге асырған.

Бұған мәлім болғандай, 05.01.2022 жылы сағат шамасы 14:45 бастап 06.01.2022 жылдың сағат 03.00 шамасына дейін Алматы облысы, Талдықорған қаласының аумағында күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан жаппай тәртіпсіздіктер орын алып, оған Алматы облысының қала-аудандарынан екі жарым мыңға жуық адамдар келіп, олардың ішінен бірқатар тұлғалар Б.Т.Алиаскаровтың ұйымдастыруы бойынша жаппай тәртіпсіздікке белсенді қатысқан.

Осы наразы топқа тиісті мемлекеттік органның қызметкерлері тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру, оған қатысу жауапкершілікке тартылуы мүмкін екені қатаң түрде ескертілген.

Оған қарамастан, жаппай тәртіпсіздікке қатысқан жоғарыда анықталған және тергеумен анықталмаған тұлғалар қирату, өртеу, бұзу, мүліктерді жою түріндегі қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін, орталық алаңда қалқандарын көтеріп, бір қатарда қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, өздерінің қызметтік міндеттерін атқарып тұрған полиция қызметкерлерімен әскерлерге, сондай-ақ арнайы көлік техникаларына және әкімшілік ғимараттарға тас лақтырып, тұтастай билікке қарсылық көрсеткен.

Алған дене жарақаттары салдарынан билік өкілдері қызметтік міндеттерін тиісінше атқара алмай, нәтижесінде орталық алаңда жоғарыда көрсетілгендей жаппай тәртіпсіздік орын алған.

Осының салдарынан, бүлікшілердің заңсыз іс-әрекеттерімен Алматы облысы әкімдігінің қызметкеріне, бірқатар Алматы облысы ПД және Алматы облысы бойынша мамандандырылған күзет басқармасының полиция қызметкерлеріне, №5514 Ұлттық ұлан әскери бөлімінің және №18404 әскери бөлімінің сарбаздарына әртүрлі дене жарақаттары келтірілген, ал Алматы облысы әкімдігінің (4 637 026 060 соммада залал келтірілген), Алматы облысы бойынша «Nur Otan» партиясының (197 948 246 соммада залал келтірілген), Алматы облысы ПД-нің (10 226 027 соммада залал келтірілген), Талдықорған ПБ-ның әкімшілік ғимараттары (795 616 249 соммада залал келтірілген), 80 автокөліктер (35 552 706 соммада оның ішінде қызметтік және жеке менішктегі) ішінара және толықтай қиратылып, өртеніп, бұзылып жойылған.

Орталық алаңда қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде өздерінің қызметтік міндеттерін атқарып жүрген полиция қызметкерлеріне, №5514 Ұлттық ұлан әскери бөлімінің және №18404 әскери бөлімінің сарбаздарына түрлі дене жарақаттарын келтіріп, белсенді қарсылық

Құжатты дайындады және қол қойды: Жанәтулы М., 06.10.2022 жылы 16:54 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), ardf@qor.kz
Құжатты келісінді: Исимбеков З.Н., 06.10.2022 жылы 16:59 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), ardf@qor.kz

Құжатты дайындады және қол қойды: Жанатұлы М., 06.10.2022 жылы 16:54 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), email: janatuly@mail.ru
Құжатты келісілді: Исимбеков З.Н., 06.10.2022 жылы 16:59 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), email: znan@mail.ru

көрсету мақсатында, Б.Т.Алиаскаров және белгісіз адамдар тобы Талдықорған қаласының орталық алаңына жетпей, Абылайхан-Назарбаев көшелерінің қиылысынан жерден тастар алып, қаруланған.

Содан, Алиаскаровтың ұйымдастыруымен жиналған белгісіз адамдар тобы қирату, өртеу, бұзу, мүліктерді жою түріндегі қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін, орталық алаңда қалқандарын көтеріп, бір қатарда қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде өздерінің қызметтік міндеттерін атқарып тұрған полиция қызметкерлері мен әскерлерге тас лақтырып, қарсылық көрсеткен. Алған дене жарақаттарынан билік өкілдері қызметтік міндеттерін тиісінше атқара алмай, нәтижесінде белгісіз адамдар орталық алаңға өткен. Ары қарай Алиаскаров Талдықорған қаласының орталық алаңында бола тұра, белгісіз адамдар тобымен билік өкілдеріне қарсылық көрсету мақсатында, жерден тергеумен анықталмаған тас алған. Ары қарай ол күш қолдану, қирату және мүлікті жоюға бағытталған қылмыстық іс-әрекетін іске асыру үшін, Талдықорған қаласының орталық алаңында қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде өздерінің қызметтік міндеттерін атқарып жүрген полиция қызметкерлеріне және олардың «КАМАЗ» маркалы сумен ататын қызметтік автокөліктеріне кемінде 2 мәрте қасақана тас лақтырып, қарсылық көрсеткен.

Осымен тоқтамай, Алиаскаров қылмыстық ниетімен тергеумен анықталмаған сыбайластарының Алматы облысы әкімдігін қирату, өртеу, бұзу, мүліктерін жою түріндегі қылмыстық іс-әрекеттерін іске асыру үшін кедергілерді жоюға көмектескен. Ол үшін Алиаскаров аталған әкімшілік ғимараттың алдында тосқау қойып тұрған Алматы облысы бойынша мамандандырылған күзет басқармасының полиция қызметкері 23.11.1978 жылы туған Сейдахметов Куаныш Саятовичтың қасына келген кезде, оған бей таныс Джексембаев Сыдык Аймухамбетович - К.С.Сейдахметовтың қолындағы қалқанын тартып алып жерге тастап, оң қолында ұстап тұрған ПР-73 таяғын қару ретінде қолданып, басына киген арнайы баскиімінен төрт рет ұрып соққыға жыққанын көріп, өзінің дене жарақат келтіру ойын жүзеге асыру үшін Алиаскаров қолындағы тергеумен анықталмаған қасқамен К.С.Сейдахметовке кемінде 2 мәрте соққы жасап, ақырғының өмірі немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолдану және күш қолдану қатерін төндіру қылмыстық ойын жүзеге асырған. Алған дене жарақаттарынан билік өкілдері Алматы облысы әкімдігін қорғай алмай, нәтижесінде белгісіз адамдар әкімдікті бұзып кіріп, ішін қиратып, мүліктерін жойып өртеп, мемлекеттік билік пен басқарудың қызметтерін тоқтатқан.

Ары қарай, Алиаскаров Талдықорған қаласының орталық алаңында бола тұра, Талдықорған қаласының Полиция басқармасында қамауда отырған адамдарды босату үшін митингке шыққан халықты билік өкілдерінің заңды талаптарына белсенді түрде бағынбауға, яғни өзінің жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру қылмыстық ойын ары қарай жүзеге асыру мақсатында, Б.Т.Алиаскаров орталық алаңда жаппай тәртіпсіздікке қатысқан адамдарды Талдықорған қаласы, Абай көшесі №249 мекен-жайы бойынша орналасқан Талдықорған қаласының Полиция басқармасына баруға шақырып үгіттеген.

Сол сәтте Алиаскаров алаңда жүрген оған бұрын бей таныс Сарыбаев Бауыржан Абылаевичтің қасына келіп, құлағына «Халықты өзінмен бірге РОВД-ға шақырып, қамауда жатқан адамдарды босатуға үгітте» деген. Өз кезегінде Б.Сарыбаев орталық алаңда жаппай тәртіпсіздік болып жатқан жерде, Б.Т.Алиаскаровтың айтуы бойынша «Эй, халайық!!! РОВД-ға барайық, балаларды шығарайық» деп, дауыстап айқайлап шақырған.

Содан алдын ала сөз байласқан белгісіз адамдар тобы, Б.Т.Алиаскаровтың ұйымдастыруы бойынша қалалық Полиция басқармасына барып, аталған мекемені қиратып, өртеп, бұзып, мүліктерін жойған.

Одан басқа, тергумен анықталған және анықталмаған тұлғалар Талдықорған полиция басқармасының қару-жарак сақтау бөлмесінен қаруларды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқырған. Ол қылмыстарды жасап анықталған тұлғалар Талдықорған қалалық және Ювеналды соттарымен сотталған.

Ары қарай, қылмыстық ойын жалғастырып, жаппай тәртіпсіздікке қатысысып жүрген бір топ адамдар оның айтқан сөздеріне ілесіп жүргенін пайдаланып, бір топ адамдарды басқарып, Алматы облысы ұлттық қауіпсіздік комитетінің ғимаратын, Алматы облысы ПД және Алматы облысы «Nur-Otan» партиясын қирату, өртеу, бұзу, мүліктерін жою түріндегі және билік өкілдерінің заңды талаптарына белсенді түрде бағынбауға қылмыстық ойын жүзеге асырған.

Осылайша, Алматы облысы, Ақсу ауданының тумасы, 03.07.1972 жылы дүниеге келген Алиаскаров Бауржан Токтарбекович, өзінің іс-әрекеттерімен күш қолданумен, қиратумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, өртеумен, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырған, яғни Қазақстан Республикасы қылмыстық Кодексі 272-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

Сонымен қатар, Б.Т. Алиаскаров, өзінің іс-әрекеттерімен күш қолданумен, сондай-ақ билік өкіліне қарсылық көрсетумен ұласқан жаппай тәртіпсіздікке қатысқан, яғни Қазақстан Республикасы қылмыстық Кодексі 272-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

Одан басқа, Б.Т. Алиаскаров, өзінің іс-әрекеттерімен өз қызметтік міндеттерін заңды түрде орындап және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз еткен полиция қызметкерінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып және күш қолдану қатерін төндірген, яғни ҚР ҚК-нің 380-бабы 1-бөлігіндегі қылмысты жасаған.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, ҚР ҚПК-нің 60, 198, 203, 204, 206, 207-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

1. Осы қылмыстық іс бойынша күдікті Алиаскаров Бауржан Токтарбекович, 03.07.1972 ж.т., Алматы облысы, Ақсу ауданында туып-өскен

Құжатты дайындады және қол қойды: Жанатұлы М., 06.10.2022 жылы 16:54 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), email: info@kqr.kz
Құжатты келісілді: Исимбеков З.Н., 06.10.2022 жылы 16:59 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), email: info@kqr.kz

«Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімі» АЖ

беко

әрекеттерін ҚР ҚК-нің 272-бабы 1, 2-бөліктерімен, 380-бабы 1-бөлігі бойынша саралауды.

2. Осы қаулы көшірмесін қадағалаушы прокурорға жолдауды.
3. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлауды.

**МТЖТ жетекшісі - Жетісу облыс
прокуратурасының арнайы
прокурорлар басқармасының аға
прокуроры**

Жанатұлы М..

ҚР ҚПК-нің 64- бабымен көзделген құқықтары түсіндірілді:

- 1) ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға; 2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге; 3) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы ҚПК-нің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті; 4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға; 5) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге; 6) күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге; 7) күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға; 8) айғақ беруден бас тартуға; 9) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алуға; 10) дәлелдемелерді ұсынуға; 11) өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 12) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; 13) аудармашының тегін көмегін пайдалануға; 13-1) өзіне қатысты сотқа дейінгі пробацияны жүргізу үшін пробация қызметіне жүгінуге; 14) өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға; 15) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға; 16) тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процестік келісімді жасасуға; 17) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беруге; 18) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге; 19) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; 20) сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде ҚПК-нің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға; 21) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге; 22) қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіруге; 23) жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін

«Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізлімі» АЖ

Исінбек
753

Құжатты келісілді: Исінбек 3.Н., 06.10.2022 жылы 16:59 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), елді@kkt.kz
Құжатты келісілді: Жанатұлы М., 06.10.2022 жылы 16:54 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), елді@kkt.kz

жауап алу туралы, өзі көрсеткен жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат
ҚР ҚПК 206 бабына сәйкес осы қаулы маған жарияланды, күдіктінің мәні және күдіктінің құқықтары түсіндірілді. Қаулының көшірмесін алдым.

Күдікті:

Алиаскаров Б.Т.

Қаулы күдікті Алиаскаров Б.Т. 2022 жылғы «04» сәуір айының №3 ордерді ұсынған қорғаушы С.Қайсаровтың қатысуымен жарияланды.

Қаулымен таныстырылды:

Күдікті:

Алиаскаров Б.Т.

06.10.2022

Қорғаушы:


С.Қайсаров

06.10.2022

Қаулыны жарияланды:

МТЖТ жетекшісі - Жетісу облыс прокуратурасының арнайы прокурорлар басқармасының аға прокуроры

Жанатұлы М..



QR-код ЭЦҚ қойылған PDF форматтағы электрондық құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦҚ туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күнді мен уақытты қамтиды

Құжатты дайындады және қол қойды: Жанатұлы М., 06.10.2022 жылы 16:54 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша)
Құжатты келісілді: Исимбеков З.Н., 06.10.2022 жылы 16:59 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша), Есқолжазба